

CAF

CENTRAL ASIA FASHION

SPRING-2024

11-13.03.2024

Almaty, Kazakhstan

г. Алматы, Казахстан

33 МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION

Создавая новые возможности

Spring-2024



Исследование: Қазақстандықтардың мәдени ДНҚ коды

Бұрын-соңды жүргізілмеген салалық зерттеу нәтижелері мен сараптамалық деректер Алматы қаласында өткен Central Asia Fashion Spring-2024 атты 33-ші Халықаралық сән көрмесіндегі бизнес-конференцияда көпшіліктің назарына ұсынылды.

Алғаш рет! Сарапшылар олардың қайталанбас мәдени ДНҚ кодын кәсіби тұрғыда егжей-тегжейлі зерттеумен айналысты.



КАПИОР қауымдастығының президенті Наталья Оспанова және fashion сарапшы Милена Ершова CAF бизнес-конференциясының барысында

CAF бизнес-конференциясының спикері Наталья Оспанова атап өткендей, онлайн-сауалнаманың нысаналы аудиториялық тобына еліміздің халық саны 200 мыңнан асатын 20 басты қалаларында тұратын 14-60 жас аралығындағы қазақстандықтар кірген. Сауалнамаға Қазақстанның облыстық маңызы бар басты қалаларының, сондай-ақ республикалық маңызы бар Алматы, Астана және Шымкент қалаларының тұрғындары қатысты. Сауалнаманы толтыру кезінде респонденттердің орыс немесе қазақ тілін таңдау мүмкіндігі болғаны да маңызды жәйт. Зерттеу жүргізудегі бұл тәсіл халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарын қамтып, Қазақстандағы қала тұрғындары бойынша көрнекілік деректерін жинауға мүмкіндік берді.

Online сауалнаманың көмегімен қазақстандық сарапшы Наталья Оспанова, Alvin Market зерттеу компаниялар тобының директоры және «Қазақстанның қоғамдық пікірді және нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының» (КАПИОР) президенті, қазақстандықтардың музыка, әдебиет, кино өнері, атақты кейіпкерлер, танымал медиа сияқты әртүрлі салалар тұрғысынан әуестіктерін қарастырды.



Наталья Оспанова, Alvin Market зерттеу компаниялар тобының директоры және «Қазақстанның қоғамдық пікірді және нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының» (КАПИОР) президенті

Ең алдымен, зерттеуші-сарапшылар әрбір қазақстандық дерлік қандай көркем фильмдерді білетіндерін және сүйіп тамашалайтындарын анықтауға тырысты. Сауалнамада дайын жауаптар болған жоқ, сондықтан сауалнамаға әрбір қатысушы кез келген жауапты көрсете алатын.

«Ең танымал қазақстандық кино туралы жауап нұсқалары өте көп болды – дейді сарапшы Наталья Оспанова зерттеу нәтижелері жайлы. Алайда, біз бір трендтің барын байқадық: нақты кино өнер туралы айтатын болсақ, қазақстандықтар алпысыншы-жетпісінші жылдарда кеңес заманындағы фильмдерді еске алады. Осылайша, үздік үштіктің қатарына танымал кинофильмдер ілікті: «Менің атым Қожа» (сауалнамадан өткендердің 15 %), классикалық махаббат хикаясы «Қыз Жібек» фильмі (респонденттердің 10%) және аты аңызға айналған «Періштелі тақия» фильмі (дауыстардың 8%).

Сауалнама нәтижелерін жас мөлшері тұрғысынан қарастыратын болсақ, әуестіктің қаншалықты күрт өзгеретінін байқауға болады. Мысалы, 25 жастан асқан қазақстандықтар танымал классикалық қазақстандық фильмдерді таңдайды. Ал жоғарғы сынып оқушыларын қамтитын жастар қатары заманауи кино өнер туралы айтады. Олар үшін бірінші кезекте «Дәстүр» және «Жаужүрек мың бала» фильмдері. Айта кететін жайт, екі фильм де соңғы жылдары шыққан фильмдер қатарынан.



САҒ бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.

Қазақстандықтар қандай фильмдерді біледі және сүйіп тамашалайды?

Сондай-ақ, сарапшылар ел тұрғындарының тілдік мәнмәтін тұрғысынан қандай фильмдерді сүйіп тамашалайтындарын анықтады. Қазақстандықтардың 93% орыс тіліндегі, 38% - қазақ тіліндегі фильмдерді таңдаса, небары 10% кино көру үшін ағылшын тілін таңдайтын болып шықты.

Сарапшылар бұл мәселені әртүрлі жас топтары тұрғысынан қарастырғанда, қазақ-тілді тұрғындарды шын мәнісінде билингвтер қатарына жатқызуға болатынын көрді, себебі олар қазақ тіліндегі фильмдерді де, орыс тілді фильмдерді бірдей тамашалайды екен. Ал, екі қызығы, 14-29 жас аралығындағы жастар қазақ және ағылшын тіліндегі фильмдерді тамашалауға қызығушылық танытады екен.



CAF бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.

Қазақстандықтар қандай музыка мен әдебиетті таңдайды?

Қазақстандықтардың мәдени ДНҚ кодын зерттей отырып, *Central Asia Fashion* бизнес-конференциясының сарапшысы Наталья Оспанова әрбір қазақстандық дерлік қандай музыканы біледі және сүйіп тыңдайды деген сұраққа жауап берді. Сауалнама барысында респонденттер кез келген шығарма мен орындаушыны атау мүмкіндігіне ие болды. Осылайша, онлайн-сауалнама нәтижесінде бірінші кезекте мемлекеттік әнұран тұратыны анықталды. Ол респонденттердің 18% дауыстарын жинады. Ал орындаушылар қатарында рейтингтегі бірінші орынды танымал Димаш Құдайберген иеленді, оған дауыстардың 6% берілді. Бұл ретте, қазақстандықтардың сүйікті орындаушыларының тізімінде Қайрат Нұртас, Адай, Чина және классикалық қазақстандық композитор Шәмші Қалдаяқовтың есімдері аталды.



Central Asia Fashion бас продюсері Милена Ершова және КАПИОР қауымдастығының президенті Наталья Оспанова CAF бизнес-конференциясының барысында

Қазақстандықтардың мәдени ДНҚ кодын зерттеу нәтижелерімен таныстыра отырып, сарапшы Наталья Оспанова қазақстандық әдебиет жайлы сөз қозғады. Бұл мәселеде қазақстандықтардың өзін-өзі қабылдауы өте нашар болып шықты. Респонденттердің 26% қазақстандық адамды бейнелейтін қандай да бір



САҒ бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.

Қазақстандықтарды қандай әдебиет біріктіреді?

кейіпкерді атаудың өзіне қиналды. Әдеби көшбасшылар ретінде жазушы Абай Құнанбаев (респонденттердің 11% және «Абай жолы» кітабы (дауыстардың 45%), ертегі кейіпкері Алдар Көсе (сауалнамадан өткендердің 14%) және «Көшпенділер» әдеби шығармасы (респонденттердің 9 %).

Ең танымал блогерлер мен ақпарат алу көздері

Бизнес-конференцияның сараптамалық сессиясының соңында ең танымал ақпарат көздері атап өтілді. Бірінші кезекте бұл интернет-деректер, содан кейін барлық дәстүрлі БАҚ. Сарапшылардың пікірінше, бүгінгі таңда қазақстандықтардың пікірін негізінен осылар қалыптастырады.



КАПИОР қауымдастығының президенті Наталья Оспанова және fashion сарапшы Милена Ершова САҒ бизнес-конференциясының барысында


Сарапшылардың пікірінше, танымал қазақстандық тұлғалардың аккаунттары көрші ТМД елдеріндегідей үлкен қуатқа ие емес. Алайда, жас мөлшері тұрғысынан қарастыратын болсақ, 14-19 жас аралығындағы буын үшін бұл ақпарат көзі үлкен күшке ие болып келе жатыр. Ал телевизия, форум-блогтар және осы жас санаты үшін танымал тұлғалардың аккаунттары бір деңгейде бәсекелес болып табылады. Белгілі бір жас

мөлшеріндегі аудитория үшін телевизия әлі де болса маңызды ақпарат көзі болып сақталуда. Бұл ретте, радио мен баспа БАҚ күннен күнге қажеттілігін жоғалтып бара жатқандарын атап өткен жөн.

Бизнес-конференция аудиториясы танымал қазақстандық блогерлер, инфлюенсерлер мен жұлдыздардың халықтық рейтингіне қатысты ақпаратқа үлкен қызығушылық танытты.

«Әлеуметтік желілерде аккаунтары бар жұлдыздардың қайсысы қазақстандықтардың арасында танымал екендігі біз үшін де қызық болды. Қазақстандықтардың біздің сауалнамада қандай адамдардың есімдерін атағандарына қарай тегтер жиынтығын жасадық. Көбінесе, өзін-өзі дамыту және кәсіпкерлік туралы айтатын блогерлердің барынша көп аталғандарын байқадық. Демек, қазақстандықтар үшін тақырып өзекті және олар дәл осындай өмір салтын ұстануға ұмтылады», - деп қорытындылады сарапшы Наталья Оспанова.

ALINMARKET
НЕСТАНДАРТНЫЕ МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ



Пожалуйста, назовите 1-3 имени КАЗАХСТАНСКИХ блогеров/ знаменитостей, за которыми Вам интереснее всего наблюдать

CAF бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.

Қазақстандық блогерлер, инфлюенсерлер мен жұлдыздардың тегтер жиынтығы

Релиз деректерін пайдалану кезінде дереккөздің көрсетілуі міндетті: Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің бизнес-конференциясы.

Фотосуреттерді пайдаланған жағдайда көрсету қажет: Central Asia Fashion баспасөз қызметі.

Материалдарға қатысты барлық айрықша құқықтар CAF халықаралық сән көрмесінің ұйымдастырушыларына - CATEXPO ЖШС тиесілі.

Фотосуреттерге қатысты барлық құқықтар авторлық және сабақтас құқықтар туралы қазақстандық және халықаралық заңнамамен қорғалған.